

"Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиядағы Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдерінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы № 1305 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 354 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиядағы Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдерінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы № 1305 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 48, 437-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиядағы Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдерінің құрамына:

Сағынтаев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Бақытжан Әбдірұлы бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының
Өңірлік даму министрі, төраға

енгізілсін;

мына:

«Әбілқасымова - Қазақстан Республикасының Экономикалық даму
Мәдина Ерасылқызы және сауда вице-министрі»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Әбілқасымова - Қазақстан Республикасының Экономика және
Мәдина Ерасылқызы бюджеттік жоспарлау вице-министрі»;

көрсетілген құрамнан Ербол Тұрмаханұлы Орынбаев шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *С. Ахметов*